

Қазақстан Республикасының 1992 жылы туған ерекк жынысты азаматтардың тіркелуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Костанай облысы Жангелдин ауданы Әкімінің 2009 жылғы 10 ақпандағы № 3 шешімі. Қостанай облысы Жангелдин ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 ақпанда № 9-9-95 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына сәйкес **ШЕШІМ:**

1. Аудан аумағында 2009 жылы қантар-наурыз айларында "Жангелдин ауданының Қорғаныс Істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру участкесіне 1992 жылы туған ерекк жынысты азаматтардың тіркелуі ұйымдастырылып, қамтамасыз етілсін;

2. Село, ауыл және ауылдық (селолық) округтердің әкімдеріне, тіркеуге шақырылған жастарды шақыру участкелеріне дер кезінде жеткізу, тіркеуге жататын жасөспірімдердің тізімін табыс ету қамтамасыз етілсін;

3. "Жангелдин аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының бас дәрігері (келісім бойынша) тіркеуге шақырылған жастарды дәрігерлік тексеруден өткізуді ұйымдастыру және жетіспейтін дәрігер мамандар мен кіші медициналық қызметкерлерімен толығынан және дәрігерлік комиссияның өтетін орнымен қамтамасыз ету ұсынылсын;

4. "Жангелдин ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығы (келісім бойынша) 1992 жылы туған ерекк жынысты азаматтарды шақыру участкесінде тіркелуін өткізу жөніндегі медициналық комиссия қызметін қаржыландыруды қамтамасыз етсін, сол сияқты аудандық бюджет есебінен белгіленіп бөлінген қаржы көлемінде емдеу сауықтыру мекемелерінде медициналық тексеру шараларын қаржыландыруды шешуді жүзеге асырсын;

5. "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі екі айға "Жангелдин ауданының Қорғаныс Істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінде 2 техникалық қызметкер жіберу көзделсін;

6. "Жангелдин аудандық істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша) Жангелдин ауданының "Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"

мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесе отырып, есепке тіркеу участкелеріне реттік пен тәртіптің болуын азаматтардың тіркеуден уақытылы өтуіне және тіркеу участкелеріне келмегендерді іздестіру, оларға шара қолдану ұсынылсын;

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Жангелдин ауданының әкімінің орынбасары Т. Аубакировқе жүктелсін;

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жангелдин ауданының әкімінің

уақытша міндетін атқаруышы

Т. Аубакиров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК